



## Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 141-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 наурызда № 35873 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

*Е. Аккенженов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2025 жылғы 28 наурыздағы  
№ 141-н/қ бұйрығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін тізбе

1. "Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесін білдіреді.

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асырмайды.

Жиілікті және қуат ағындарын автоматты реттеу (бұдан әрі – ЖҚАР) жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы электр энергиясының көтерме сауда нарығында жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сату кезінде осы электр энергиясын жинақтау жүйесін қолданбайды."

2. "Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 70-1-тармақпен толықтырылсын:

"70-1. Электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарактандырылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының теңгерімдеуші электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатуы және олардың 1-ге тең төмендету және жоғарылату коэффициенттерін қолдана отырып, жауапкершілікті беру шарты бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теріс теңгерімсіздіктерді электр энергиясының бірыңғай сатып алушыға өткізу (сату) электр энергиясын жинақтау жүйелерінің ЖҚАР-ға қосылуы кезінде ғана жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр энергиясын жинақтау жүйелері ЖҚАР-ға аталған электр энергиясын жинақтау жүйелерінің белгіленген электр қуатынан жүз пайыз реттеу диапазонында қосылады.

Аукциондық сауда нәтижесінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа нысанның құрылыс жобасын іріктеу жеңімпаздарының, электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін болса, электр қуатын реттеу қызметтерін көрсетуге шарт жасаспайды.";

79-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының электр энергиясын жинақтау жүйелерінің ауытқулары туралы ақпарат;"

мынадай мазмұндағы 87-1-тармақпен толықтырылсын:

"87-1. ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) электр энергиясын жинақтау жүйесінің ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздікті мынадай формула бойынша ЭЭТН ЕАО-нан теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы жабады:

$$S_{+ЭЖЖ} = \Delta_{+ЭЖЖ} * B_{+ЭЖЖ}, \text{ мұндағы}$$

$$S_{+ЭЖЖ} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есепті кезеңде ( күнтізбелік айда) (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің оң теңгерімсіздігін жабу үшін) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{+ЭЖЖ} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің есепті кезеңдегі ( күнтізбелік айдағы) оң теңгерімсіздігінің мәні (модулі), кВт\*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{+эжж}$  —

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының есепті кезеңде ( күнтізбелік айда) (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің оң теңгерімсіздігін жабу үшін) сатып алу бағасы, ол 0,01 теңге/кВт\*сағ-қа тең.

ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есепті кезеңде ( күнтізбелік айда) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігін мынадай формула бойынша ЭЭТН ЕАО-нан теріс теңгерімсіздіктерді сату арқылы жабады:

$$B_{-эжж} = \frac{S_{-эжж}}{\Delta_{-эжж}}, \text{ мұндағы}$$

$B_{-эжж}$  —

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының есепті кезеңде ( күнтізбелік айда) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігін сату бағасы, теңгемен/кВт\*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{-эжж}$  —

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігінің мәні (модулі), есепті кезеңде (күнтізбелік айда) кВт\*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$S_{-эжж} = S_{+эжж} -$$

есепті кезеңде (күнтізбелік айда) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігі кезінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазына теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы төлейтін сомасы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа

объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазына төленетін сомамен тең (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің оң теңгерімсіздігін жабу үшін), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді).";

116-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"116. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарық жүйесінде оларды генерация-тұтыну объектілері бойынша бөлуде, сондай-ақ олардың энергия тораптары бойынша бөлінуін ескере отырып көрсетіледі.

Электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарақтандырылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары, теңгерімдеуші нарықта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер бойынша және электр энергиясын жинақтау жүйелері бойынша олардың энергия тораптарына бөлінуін ескере отырып көрсетіледі.";

132-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"132. Жауапкершілікті беру шарты шеңберінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар:

1) өзінің барлық оң теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан Заңның 15-10-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін арттыру коэффициентіне көбейтілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен электр энергиясын сатып алудың қолданыстағы шартында көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша тиісті көлемде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы жабады;

2) өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және есеп айырысу-қаржы орталығымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартында көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша уәкілетті орган Заңның 15-10-бабының 5-тармағына сәйкес айқындаған тәртіппен есептелетін төмендету коэффициентіне көбейтілген баға бойынша сатады.

Осы тармақта көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәні жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды

Осы тармақта көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік мәнінің модулі жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген

электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды.

Қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шартын жасасқан жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген коэффициенттердің мәні осы шарттардың қолданылу кезеңіне 1-ге теңестіріледі.

2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін арттыру және азайту коэффициенттерінің мәндері мынадай тәртіппен айқындалады:

осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәуліктің сағаты үшін 1,3-ке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәніне жол берілетін ауытқу диапазонынан асады;

осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәуліктің сағаты үшін 0,7-ге теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік модулінің мәніне жол берілетін ауытқу диапазонының мәнінен асады.

2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін рұқсат етілген ауытқу мәндері жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жоспарлы жіберу мәнінен  $\pm 5\%$  диапазонына тең болады.";

мынадай мазмұндағы 132-1-тармақпен толықтырылсын:

"132-1. Электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы жауапкершілікті беру туралы шарт шеңберінде 1-ге тең болатын арттыру не төмендету коэффициентіне көбейтілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы мен бірыңғай сатып алушы арасындағы қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартына көрсетілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан, теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу немесе теріс теңгерімсіздіктерді бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сату бағасымен сату арқылы жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберу жоспарлы сағаттық жіберу мәнінің  $\pm 30\%$  диапазон шегінде өтейді.

Егер оң теңгерімсіздік модулінің рұқсат етілген ауытқуы электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін жаңартылатын энергия

көздерін пайдалану объектісінің жүйелік оператормен бекітілген тәуліктік электр энергиясын өндіру-тұтыну кестесіне енгізілген жоспарланған электр энергиясын желіге жіберу мәнінің жоспарланған мәнінен асып кетсе, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы қолданыстағы электр энергиясын сату-сатып алу шартында көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазымен бірыңғай сатып алушы арасындағы шартта көрсетілген 1,3 коэффициентіне көбейтілген баға бойынша оң теңгерімсіздік артықшылығын реттейді.

Егер теріс теңгерімсіздік модулінің рұқсат етілген ауытқуы электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінің жүйелік оператормен бекітілген тәуліктік электр энергиясын өндіру-тұтыну кестесіне енгізілген жоспарланған электр энергиясын желіге жіберу мәнінің жоспарланған мәнінен асып кетсе, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы қолданыстағы электр энергиясын сату-сатып алу шартында көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазымен бірыңғай сатып алушы арасындағы шартта көрсетілген 0,7 коэффициентіне көбейтілген баға бойынша оң теңгерімсіздік артықшылығын реттейді.

Бұл ретте жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі бір объектіге қатысты осы Қағидалардың 132 және 132-1-тармақтарында көрсетілген рұқсат етілген ауытқу диапазондарын бір мезгілде қолдануға жол берілмейді.";

8-қосымшаның 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъектілерден теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО шығындары (кірістері), тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында (), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) мына формула бойынша айқындалады:

$$S_c^{\text{ЖҚАР}} = \sum_{j=1}^y (\Delta_{\text{сағ}(+).j}^{\text{ЖҚАР}} * B_{\text{сағ}(+).j}^{\text{ЖҚАР}}) - \sum_{i=1}^h (\Delta_{\text{сағ}(-).i}^{\text{ЖҚАР}} * B_{(-).i}^{\text{ЖҚАР}}), \text{ мұндағы:}$$

$$B_{(+).j}^{\text{ЖҚАР}} -$$

j-ші бағамен, ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъект осы Қағидалардың 87 және 87-1-тармағына сәйкес айқындалатын осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен

туындаған оң теңгерімсіздіктерінен туындаған теңгерімдеуші электр энергиясын ЭЭТН ЕАО-дан сатып алатын баға, теңгемен/кВт\*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+).j}^{\text{ЖҚАР}} -$$

ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін j-ші субъектінің осы сағаттағы теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздігі, (бүтінге дейін дөңгелектенеді), кВт\*сағ;

$$\sum_{j=1}^y -$$

j бойынша сома;

j – 1-ден y-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

y – осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсер етуі себебінен оң теңгерімсіздік жасаған ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін субъектілер саны.

$$B_{\text{сағ}(-).i}^{\text{ЖҚАР}} -$$

i-ші бағамен, ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъект осы Қағидалардың 87 және 87-1-тармағына сәйкес айқындалатын осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өзінің теріс теңгерімсіздіктерін ЭЭТН ЕАО-ға сататын баға, теңгемен/кВт\*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-).i}^{\text{ЖҚАР}} -$$

ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін j -ші субъектінің осы сағаттағы теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздігінің модулі, (бүтінге дейін дөңгелектенеді), кВт\*сағ;

$$\sum_{i=1}^h -$$

i бойынша сома;

i – 1-ден h-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

h – осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсер етуі себебінен теріс теңгерімсіздік жасаған ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін субъектілер саны."

3. "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:



көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің құрылыс жобалары бойынша аукциондық сауда жеңімпаздары электр энергиясын бірыңғай электр энергиясын сатып алушыға сатады, бұл ретте, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі тиісті объектінің белгіленген қуатының кемінде 30 %-ын құрайтын электр энергиясын жинақтау жүйелерін пайдалануға беру, сондай-ақ электр энергиясын жинақтау жүйелерінің автоматты жиілік пен қуат ағындарын реттеу жүйесінің (бұдан әрі – ЖҚАР) басқаруымен жұмыс істеуі шарт болып табылады.

ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні кезең-кезеңімен енгізу кезінде аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпазы ЖЭК пайдалану жөніндегі параметрді кезең-кезеңмен енгізудің белгіленген көлемінің кемінде 30 % көлемінде электр энергиясын сақтау жүйесіне пропорционалды енгізуді қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 18-1- және 18-2-тармақтармен толықтырылсын:

"18-1. Электроэнергиясын жинақтау жүйесімен жабдықталған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары, жобаның барлық өмірлік циклінде және бірыңғай сатып алушы мен жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары арасында жасалған қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартының қолданылу мерзімі ішінде электр энергиясын жинақтау жүйелерінің қуатын, сыйымдылығын және басқа да параметрлерін белгіленген параметрге сәйкес, соның ішінде электр энергиясын электрохимиялық жинақтау жүйелерінің тозуын өтеуді ескере отыра, жұмыс қаблеттіліген қамтамасыз етіп отырады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектіні салу жобасын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығымен бекітілген Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12489 болып тіркелген) электр энергиясын жинақтау жүйесінің қуатын, сыйымдылығын және басқа параметрлерінің белгіленген параметрлерге сәйкестігін растауды жүйелік оператор ЖҚАР жүйесі арқылы ай сайын өткізетін аттестациялаудан өту арқылы автоматтық режимде жүзеге асырады.

Электрическая энергиясын жинақтау жүйесінің талап етілетін параметрі расталмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларының 132-1-тармағында көзделген мәндерге мынадай өзгерістер енгізуді:

азайту және арттыру коэффициенттерін ұлғайтуды;

азайту және арттыру коэффициенттері 1-ге тең болатын шекті диапазонды азайтуды жүзеге асырады.

18-2. Электрохимиялық электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жабдықталған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 247 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11066 болып тіркелген) бекітілген Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларының 957-8-тармағында регламенттелген электр энергиясын жинақтау жүйелерінің күнтізбелік жылында толық зарядтау (разрядтау) циклдары санының техникалық мүмкіндігін, соның ішінде электрохимиялық электр энергиясын жинақтау жүйелерінің тозуына төленетін өтемақыны ескере отырып, жоба өмірлік циклі мен электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен жасалған тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шартының қолданылу мерзімі ішінде қамтамасыз етеді.

Бұл ретте күнтізбелік жыл ішінде толық зарядтау (разрядтау) циклдарының толық саны 440 (төрт жүз қырық) рет циклдан аспайды, ал тәулігіне толық цикл саны 2 (екі) циклдан аспайды.";

мынадай мазмұндағы 25-1-тармақпен толықтырылсын:

"25-1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазын осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын өтінім беру қажеттігі туралы хабардар етеді.";

82-тармақта:

3) және 4) тармақшалар жаңа редакцияда жазылсын:

"3) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісі үшін энергия беруші ұйым мен өтініш беруші арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісінің көшірмесі – тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобаларының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары электр энергиясын жинақтау жүйелері үшін энергия беруші ұйымдар мен ЖЭК-ті пайдалану

бойынша объектілер салу жобаларының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары арасында жасалған тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актілерінің көшірмелерін ұсынады;

4) энергия беруші ұйым мен оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісі үшін өтініш беруші арасында қол қойылған ЖЭК-ті пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін – электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобалары бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары электр энергиясын жинақтау жүйелері үшін коммерциялық және техникалық есепке алу құралдарын орналастыру схемаларын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемаларының қабылдау актілерінің көшірмелерін ұсынады;"

б) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"б) кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЖЭК-ті пайдалану объектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін.

Белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобаларының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары электр энергиясын жинақтау жүйелерінің коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға беру актілерінің көшірмелерін ұсынады;"

4. "Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12489 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

"3-тарау. Электр қуатын және электр энергиясын жинақтау жүйелелерінің сыйымдылығын аттестаттау тәртібі

17. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарының электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жабдықталған электр қуаты мен сыйымдылығын аттестаттау Жүйелік оператор тарапынан ай сайын, айына бір рет жүргізіледі.

18. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарының электр

энергиясын жинақтау жүйелерімен жабдықталған электр қуаты мен сыйымдылығын аттестаттау жиілікті және қуат ағындарын автоматты реттеу (бұдан әрі – ЖҚАР) жүйесі арқылы автоматты режимде жүргізіледі.

19. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарының электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жабдықталған электр қуаты мен сыйымдылығын аттестаттау 3 кезеңде жүргізіледі:

1) бірінші кезеңде ЖҚАР электр энергиясын жинақтау жүйесінің толық разрядын қамтамасыз етеді;

2) екінші кезеңде ЖҚАР электр энергиясын жинақтау жүйесінің толық зарядын қамтамасыз етеді;

3) үшінші кезеңде ЖҚАР электр энергиясын жинақтау жүйесінің толық разрядын қамтамасыз етеді."